**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасында 2026 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама**

**Түркістан қаласы** **29.06.2026 жыл**

**Кіріспе бөлім:**

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқарма (бұдан әрі - Басқарма) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2026 жылғы 6 мамырдағы № 134 н/қ бұйрығы.

**2. Ішкі талдаудың объектілері және басшылары:**

Ділдәбеков Жанболат Бердібайұлы, Кенжебаев Нұрсұлтан Садықұлы, Мамбетова Мадина Ережеповна - облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасарлары, Жамалова Салтанат Абдыкаимовна, Ерден Сауле Дәрітайқызы, Бегайдарова Лайла Умиртаевна Тұрғанбаева Нұргүл Тоқтасынқызы, Муратова Салтанат Адилбековна, Асым Баласағұн Еркинбекұлы, Боташева Меруерт Тургимбековна - облыстық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшылары, Сәулек Әділет Мәдібекұлы – бас маман.

**4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:**

2026 жылдың 14 мамыр - 26 маусым аралығы.

**5. Ішкі талдау қамтыған кезең:**

2025 жыл - 2026 жылдың 4 маусым аралығы.

**6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:**

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

**Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:**

Басқармада шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

**Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:**

**2025 жылы** – 6 адам қабылданды (6 адам конкурс нәтижесінде), 1 адам көтермеленген (1 адам бас маманнан бөлім басшысына);

**2026 жылы 6 айында** 3 адам қабылданған (3 конкурс нәтижесімен);

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы өңірдегі денсаулық саласында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын алдын-алу басым бағыттарының бірі болып табылады.

Басқарма тарапынан өзіне бағынысты медициналық мекемелерде сыбайлас жемқорлыққа, мемлекеттік мүліктің және бюджет қаржысын ысырап етіп, талан-тараж салуына жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының қағидаларын бұзбау, лауазымдық міндеттерін қатаң сактау жөнінде үгіт-насихат жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

**1. Басқармада сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп, орта буында медициналық қызметкерлерді (мейіргерлер) қабылдау барысында медициналық мекемелерге Jumys SmartNation порталы енгізу туралы**

Облыс аумағында сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары болып табылатын орта буында медициналық қызметкерлерді, конкурстық іріктеуде адал, әділ және ашық негізінде жұмысқа қабылдау үшін Jumys SmartNation порталы енгізу 2022 жылы пилоттық режимде Отырар аудандық орталық ауруханасында енгізілді.

Пилоттық режимде сәтті өтуіне байланысты, кезең – кезеңмен Jumys SmartNation порталы 2023 жылы медициналық мекемелерде енгізілгені 50% құраса, 2024 жылы 70%, 2025 жылы 85% құрады.

Jumys SmartNation порталы 2026 жылдың соңына 100% дейін жеткізу жоспарлануда.

Jumys SmartNation порталында конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау 2 кезеңді қамтиды:

Медициналық мекеме бос орын туралы enbek.kz сайтына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен жай бойынша үміткер өз құжаттарын Jumys SmartNation порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді.

1 кезең: тестілеу - үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тесті өту мәресі 60% кем болмауы тиіс.

2 кезең: тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірбиелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады.

Бұл процесс жоғарғы бәсекелестікке ие орта буын медициналық қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірден бір құралы болып табылады.

Облыстың медициналық мекемелері бос орындарды электрондық еңбек биржасына тіркеу арқылы хабарлама жариялап, бос орындарға әңгімелесу өткізудің және комиссия жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін, отырыстарға байқаушыларды шақыру және әрбір

кандидатпен әңгімелесу барысын техникалық жазба құралдары көмегін қолдану жүзеге асырылады.

**Ұсыныс: Jumys SmartNation порталы 2026 жылдың соңына дейін 100% дейін жеткізу ұсынылады.**

**2. Жекеменшік медицина ұйымдарының халықты өз мекемелеріне рұқсатсыз тіркеуінің әсерінен халық арасында арыз-шағымдардың көбеюі**

«Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы №ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығына сәйкес, азаматтар медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйымына бекітіледі.

Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйымын еркін таңдау құқығы ескеріле отырып, тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша жүзеге асырылады, осыған сәйкес тұрақты немесе уақытша тұратын жер бойынша емхананы еркін таңдай алады.

МСАК ұйымына бекітілу үшін "Электронды үкімет" веб-порталында Электрондық цифрлық қолтаңба арқылы, қол қоюшы тұлғаның өзі қойған қолымен жүргізіледі.

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 7 қаңтарындағы № 370-II Заңы, 3 тарау, 10-бабында Электрондық цифрлық қолтаңбаның «жабық кілттері» оларды заңды негіздерде иеленетін тұлғалардың меншігі болатындығы көрсетілген. Бұл ретте, ЭЦҚ жабық кілттерін басқа тұлғаларға беруге болмайды. Қазіргі таңда тұрғындардың электрондық цифрлық қолтаңбаларының жабық кілттерін ұсынбастан және бекітуге өтініш жазбастан «Бекітілген халық тіркелімі» (бұдан әрі-БХТ) ақпараттық жүйесіне бекіту жүргізілген жағдайлары анықталып отыр.

Түркістан облысы бойынша медицина ұйымдарының арасында жеке тұлғаға ескертпей, сырттай ЭЦҚ жабық кілттерін қолдана отырып өз мекемелеріне (әсіресе жекеменшік) бекітіп алу жағдайлары 2024 жылы жиі орын алып, ақпараттық қауіпсіздік сақталмай, осыған байлынысты халық тарапынан арыз-шағым күрт көбейді.

Сонымен қатар, «Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы №ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығында тұрғындарды медициналық ұйымға бекіту әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жүзеге асырылатындығы көрсетілген.

Қазіргі таңда, жеке медициналық ұйымдардың тарапынан тұрғындарды БХТ (РПН) ақпараттық жүйесіне бекіту барысында бұйрық талаптарында көрсетілген әкімшілік-аумақтық бірлік қағидаты сақталмай отыр.

**Ұсыныс:** осы жағдайды ескере отырып, дербес деректерді қамтитын азаматтардың электронды кілттеріне байланысты ақпараттық қауіпсіздікті сақталмау қаупі туындауда, осыған орай Басқарма тарапынан жекеменшік медицина ұйымдары арасында жеке тұлғалардың ЭЦҚ кілттерінің қауіпсіздігін бақылау және шара қолдану туралы құзырлы органдарға, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалына және осы жағдайлардың алдын-алу үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне азаматтардың медициналық ұйымға тіркелетін кезде **Face ID *(биометриялық сәйкестендіру)* жүйесін енгізу туралы ұсыныс хат енгізуді ұсыну.**

**3. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты істер туралы**

2022 жылғы 31 наурыздағы Түркістан облысының Кентау қалалық сотының үкімімен 1992 жылы 8 маусымда Кентау қаласында туылған, Кентау қалалық емханасының эпидемиолог дәрігері Кенжеғұлов Ғани Жаңабекұлы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 368-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы баппен, мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салынып, паранның он еселенген мөлшерінде 400000 (төрт жүз мың) теңге айыппұл жазасы тағайындалған.

Осыған байланысты, **26.05.2022 жылғы Кентау қалалық емханасы басшысының бұйрығына сәйкес** Еңбек кодексінің 52 – бабының 1-тармағының 21) тармақшасына сәйкес **Кенжеғұлов Ғани Жаңабекұлымен** еңбек шарты бұзып, жұмыстан босатқан.

Алайда**, уәкілетті орган Облыстық денсаулық сақтау басқармасын ескертпей**, Кентау қалалық емханасының басшылығымен **Еңбек кодексінің 26-бабының 1-бабының 3) тармақшасын** *(соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес белгілі бір лауазымға тұру немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айырылған азаматтармен еңбек шар жасасу жол берілмейді)* және осы баптың **2-тармағының 2) тармақшасын** *(квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді)* бұза отырып **Кенжеғұлов Ғани Жаңабекұлын 24.03.2023 жылы** Кентау қалалық емханасына қайта жұмысқа қабылдаған.

Тек, **уәкілетті орган <u>облыстық денсаулық сақтау басқармасының</u>** араласуымен Кентау қалалық емханасы **04 қараша 2024 жылы Кенжеғұлов Ғани Жаңабекұлымен** еңбек шартын тоқтатып, жұмыстан босатылған.

Жетісай аудандық сотының 2024 жылғы 4 қазанындағы үкімінде Жетісай аудандық орталық ауруханасының қалалық емханасының стоматологиялық бөлімінің меңгерушісі Мейрамхан Наралович Шынтилеуов Қылмыстық

кодексінің 367-бабының 2-бөлігімен (Пара беру) кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай- ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның отыз еселенген сомасы мөлшерінде 7 500 000 (жеті миллион бес жүз мың) теңге айыппұл салынған.

Алайда, Жетісай аудандық орталық ауруханасының басшылығы **Мейрамхан Наралович Шынтилеуов** қызметкері туралы, Басқармаға ақпарат жолдамай, Еңбек **кодексінің 26-бабының 1-бабының 3) тармақшасын** *(соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес белгілі бір лауазымға тұру немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айырылған азаматтармен еңбек шар жасасу жол берілмейді)* және осы баптың **2-тармағының 2) тармақшасын** *(квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді)* бұза отырып **Мейрамхан Наралович Шынтилеуовті** тек лауазымын төмендетіп қызметінде қалдырған.

**Облыстық денсаулық сақтау басқармасының** араласуымен Жетісай аудандық орталық ауруханасы **1 қараша 2024 жылы Мейрамхан Наралович Шынтилеуовпен** еңбек шартын тоқтатып, жұмыстан босатқан.

Ауруханаңың бірінші басшысы Еңбек кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылды.

**<u>Ұсыныс: 2024, 2025 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты медициналық ұйымдарда бұрын істі болған азаматтарды қабылдау фактілері орын алғандықтан, 2026 жылы кадрлық мәселері бойынша қатаң бақылауға алып және зерделеу жұмыстарын тұрақты жүргізуді ұсыну.</u>**

**4. Біліктілігін арттыру туралы оқу куәліктері жалған болып анықталғаны**

Ішкі талдау нәтижесі бойынша, Түркістан облысының медицина қызметкерлері артқы мерзіммен жасалған біліктілігін арттыру туралы оқу куәлігі жалған екені анықталған.

Осы мәліметтерге сәйкес облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан облыс медициналық ұйымдарда оқымай жалған куәліктерді алған қызметкерлерді анықтап Еңбек кодексіне сәйкес жұмыстарынан шететілген.

**Мысалы:**

**Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясынан** 14 қызметкері біліктілігін арттыру туралы оқу куәлігі жалған болып анықталып,

жәрдем станциясының бірінші басшысымен Еңбек кодесінің 48-бабымен қызметкелер жұмыстарынан шеттетіліп, өз қаражаттар есебінен қайта оқуға жолданған.

**Нәтижесінде:** 14 қызметкер қайта оқып келуіне байланысты Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының басшылығмен жұмыс істеуге рұқсат берілген.

**Атап айтқанда**

«Республика Медицина Академиясы» ЖШС-не К.Мұстафаға 21.10. – 04.11.2024 жылы емдеу ісі (фельдшер, жалпы практика фельдшері) мамандығы бойынша 120 сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өткен.

«Арыстанбаб» жоғарғы колледжі» ЖШС-не Х.Досанбаевқа 30.09. – 12.10.2024 жылы емдеу ісі (фельдшер, жалпы практика фельдшері) мамандығы бойынша 120 сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өткен.

«Жетісай жоғарғы медицина колледжі» ШЖҚ МКК-да Б.Оразәлі 16.09. – 01.10.2024 жылы емдеу ісі (фельдшер, жалпы практика фельдшері) мамандығы бойынша 120 сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өткен.

**Ордабасы аудандық орталық ауруханасынан** 4 қызметкері біліктілігін арттыру туралы оқу куәлігі жалған болып анықталып, Ауруханаңың бірінші басшысымен Еңбек кодесінің 48-бабымен қызметкелер жұмыстарынан шеттетіліп, өз қаражаттар есебінен қайта оқуға жолданған.

**Ұсыныс: медицина мекемесінің кадр қызметімен <u>e.license Қазақстан Республикасындағы электрондық лицензиялау кабинетіне</u> кіріп әрі қызметкердің алып келген біліктілік арттыру туралы куәліктің заңдылығын тексеріп жалған құжатты пайдалануға жол бермеу туралы хат енгізуді ұсыну.**

## 5. Жастар орталықтарымен тығыз байланыс орнатып, лудомания бағытындағы жұмыстарды жандандыру

**Лудомания:** Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекстің 13-бабы 14-1)тармақшасына сәйкес облыстардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудағы жергілікті органдары өз құзыреті шегінде жастар ресурстық орталықтарымен бірлесіп лудоманияның қауіптілігі мәселелерлі бойынша жастармен ақпарттық-түсіндіру жұмысын, консультативтік жұмысты жүзеге асырады.

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасына қарасты «Жастар ресурстық орталығы» КММ бірлелесе іс-шаралар талқыланып Лудомания (ойынқұмарлықтың) қауіптілігі мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарының бірлескен іс-жоспарының жобасы дайындалды.

**<u>Ұсыныс: 2026 жылғы аталған іс-жоспарда көрсетілген іс-шаралар бойынша жұмыстар жүргізу ұсыну.</u>**

**Жұмыс тобының мүшелері:**

Ділдәбеков Жанболат Бердібайұлы

Кенжебаев Нұрсұлтан Садықұлы

Мамбетова Мадина Ережеповна

Жамалова Салтанат Абдыкаимовна

Ерден Сауле Дәрітайқызы

Бегайдарова Лайла Умиртаевна

Тұрғанбаева Нұргүл Тоқтасынқызы

Муратова Салтанат Адилбековна

Асым Баласағұн Еркинбекұлы

Боташева Меруерт Тургимбековна

Сәулек Әділет Мәдібекұлы